

Сақтандыру қорының игілігін кім көріп отыр?
7-бет

Отандық фармацевтикадағы серпін
9-бет

Қазақ елін ерекше қадірлеймін
12-бет

EGEMEN QAZAQSTAN

№210 (30439) 3 ҚАРАША, БЕЙСЕНБІ 2022 ЖЫЛ

Жүз жылдық жыйнама

www.egemen.kz E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы Каспий теңізіндегі Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасын межелеу және балық аулау аймақтарының шектес учаскелерін бөлу туралы шартты ратификациялау туралы

2021 жылғы 25 қазанда Ашғабатта жасалған Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы Каспий теңізіндегі Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасын межелеу және балық аулау аймақтарының шектес учаскелерін бөлу туралы шарт ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2022 жылғы 2 қараша
№ 150-VII ҚРЗ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Ресей Федерациясының азаматтары болып табылатын Еуразиялық экономикалық комиссияның және Еуразиялық экономикалық одақ сотының лауазымды адамдары мен қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру бөлігінде өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы

2022 жылғы 24 наурызда Мәскеуде жасалған 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Ресей Федерациясының азаматтары болып табылатын Еуразиялық экономикалық комиссияның және Еуразиялық экономикалық одақ сотының лауазымды адамдары мен қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру бөлігінде өзгерістер енгізу туралы хаттама ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2022 жылғы 2 қараша
№ 151-VII ҚРЗ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ
Рақымшылық жасау туралы

Осы Заң ізгілік қағидаты шаралар шегінен шығу кезінде басшылыққа алына отырып жасалған адам өлтіру);
104-бапта (Абайсызда қазаға қабылданды);
1-бап. Рақымшылық жасау ұшырату);
106-баптың (Денсаулыққа қолданылатын адамдар қасақана ауыр зиян келтіру) бірінші және екінші бөліктерінде;
107-бапта (Денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру);
112-бапта (Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру);
113-бапта (Қылмыс жасаған адамды ұстап алу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру);
102-бапта (Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде жасалған адам өлтіру);
103-бапта (Қылмыс жасаған адамды ұстап алу үшін қажетті

(Соңы 2-бетте)

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚАДАМДАРЫ

Рақымшылық – ізгіліктің бастауы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Рақымшылық жасау туралы» Заңға қол қойды. Президент Қазақстан халқына Жолдауында қаңтар оқиғасына қатысқан, бірақ ауыр қылмыс жасамаған азаматтарға бір реттік рақымшылық жариялау туралы шешім қабылдағанын мәлімдеген еді. Осыдан кейін Парламентте бұл мәселе жан-жақты қаралып, арнайы заң жобасы әзірленіп, қабылданды.

Мемлекет басшысы қол қойғаннан кейін құжат заңды күшіне енді. Осылайша, елден-алаң тұста айқаймен алаңда атой салғандарға кешірім жасалып отыр. Ал олардың ұсын саны 1500-ге жуықтайды. Мемлекеттің бүлінгені мен іргесінің сөгілгені қаламаса да қаңтар оқиғасында шалыс басып, онысын ерте түсінгендер рақымшылыққа ілінді. Алайда мемлекетке опасыздық жасағандар мен билікті күшпен басып алуға талпынғандар амнистияға ілікпейді.

Ел тарихында осымен онының рет жарияланып отырған «Рақымшылық туралы» Заңның басты ерекшелігі қандай? Рақымшылыққа кімдер ілігеді? Бұл құжатқа сөйкес 4-7 қаңтар аралығында алаңға шыққандарға нақты қандай жеңілдіктер жасалды? Сот тағайындаған жаза қаншалықты жеңілдетілді? Дүйім жұртты алаңдатқан осы және өзге де сұрақтарға «Мейірімділік қадамы» мақаласы, сондай-ақ рақымшылыққа қатысты заңгерлердің пікірі жауап береді.

Тақырыпқа арналған мақала мен пікірлерді 10-беттен оқи аласыздар

СЕРПІНДІЛІК СТРАТЕГИЯСЫ

Тоғыз жолдың торабындағы Қазақстан



Еліміздің халықаралық көлік-логистикалық әлеуетінің жоғары екені жиі айтылады. Сондықтан оқырманға түсінікті болу үшін байланыстың әр бағытына жеке-жеке тоқталып, толық ақпарат ұсынуды жөн көріп отырмыз. Өздеріңіз білетіндей, тоғыз жолдың торабында орналасқан Қазақстанның көлік-логистика саласы су, әуе, автомобиль және темір жолдардан тұрады.

Тақырыпқа арналған мақаланы 5-беттен оқи аласыздар

ЖЕРІНІҢ АТЫ – ЕЛІНІҢ ХАТЫ

Ономастика оңалмай тұр

Биыл өңірде 23 елді мекен мен 160 көшені қайта атау жоспарланып отыр. Елді мекендердің идеологиялық тұрғыдан ескірген атауларын өзгерту мәселесі жан-жақты зерделеніп, ғылыми тұрғыдан дәлелденбек. Ойға алған шаруа оңынан оңарылса, әділдік салтанат құралы. Өйткені шаруа шашетектен. Облыста идеологиялық тұрғыдан ескірген атауға ие 309 елді мекен, 1 010 көше бар.

Байқал БАЙӨДІЛ,
«Egemen Qazaqstan»

Тың игерудің орталығы болған бұл өңірдегі атаулардың ақылға қонбайтыны соншалық, жалпақ жұрттың ұлттық рухани тамырынан алынар нәр көзі біржола бітеліп қалғандай әсер береді. Ел тілегіне орай бағзы заманнан бабалардан мирас болып қалған қасиетті жер-су атауларын қайта түлету бүгінгі ең өзекті мәселенің бірі болып отыр. Өне бір тұста қарқын жақсы еді, кейін саябыр тапты. Алғашқы лекпен 1991-2004 жылдары барлығы

112 атау қайта жаңғырды. Сәл таратып айтар болсақ, 6 аудан, 1 қала, 21 елді мекен, 84 көше атауы жаңғыртылып, өзгертілуі көкейге қонымды еді. Мәселен, Алексеевка – Ақкөл, Макинка – Бұланды, Державинка – Жарқайың, Балкашино – Сандықтау ауданы болып өзгерсе, сол кездегі облыс орталығы Кокчетав Көкшетау қаласы болып түзетілді. Зер салып қарасаңыз, бұрынғы тарихи атаулар қандай тамаша! Осы елдің, осы жердің көне тарихын айғақтап, құтты бір әуезді әндей есіліп, өлең жолындай өріліп тұрған жоқ па?!
Екінші лекпен 2004-2007 жылдары 144

елді мекен, 1717 көше жаңа атауға ие болды. Осыдан-ақ көрікті Көкшетау өңіріндегі жер-су атауларының кешегі кеңестік заманда қаншалықты бұрмаланғанын аңғаруға болады. Басқасын былай қойғанда, тамылжыған табиғатымен әйгілі Бурабай баурайындағы аудан Щучинск ауданы болып келді емес пе? Дес бергенде, Бурабай ауданы болып қайта аталды. Ендігі бір мәселе, Щучье қаласының атауы. Аудан ақсақалдары қалаға Алаштың айбынды ханы, бар ғұмырын ел бірлігіне, еркіндік пен бостандығына арнаған ұлы Абылай хан есімін беру туралы мәселе көтерді. Алдағы уақытта Бурабайдың биігінен жарты ғасырға жуық үш жүзге билік құрған Абылай хан есімі курортты өңірдегі, келімді-жетімді адамы көп қалаға берілсе, ақ түіенің қарны жарылған қуаныш болар еді.

(Соңы 6-бетте)

КӨКЕЙКЕСТІ

«Жібекті түте алмаған жүн етеді»

деген сын туризм саласындағы ахуалға айтылғандай...



Суретті түсірген Ерлан ОМАР, «EQ»

Кәрібай МҰСЫРМАН,
«Egemen Qazaqstan»

Сөйтіп, ұрпағына түгін тартса майы шығатын құнарлы жерді ғана емес, көркемдігі көздің жауын алатын, саф ауалы орман-тоғайларды, суы мөлдір өзен-көлдерді, аспанмен астасқан асқар тауларды және адамзат тарихы мен өркениетінің бірегей ескерткіштері болып саналатын қасиетті орындарды мирас етті.

Бабаларымыз қилы замандарда әлемдегі тоғызыншы территорияны иемденіп, ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап өтті.

Тек біз сол баға жеткісіз байлығымызды құнттап қана қоймай, өз деңгейінде бағалап, әсіресе туризмді дамыту арқылы ел игілігіне жарата алып жүрміз бе?

Бұл сауалға Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің бағалауына сүйене жауап берсек, аталған салада қалыптасқан жағдай мәз емес.

(Соңы 14-бетте)



Бизнесті дамытуға мүмкіндік туады

Премьер-Министр Әлихан Смайылов пен «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы төрағасы Райымбек Баталов бизнеске түсетін әкімшілік жүктемені азайту және жаңа коммерциялық жобаларды іске қосу мен дамытуға жағдай жасау мәселелерін талқылады.

Ұлттық палатаның кезекті съезі қарсаңында өткен кездесу барысында Ә.Смайылов Үкімет пен бизнес арасында тиімді диалог орнағанын атап өтті.

«Біздің өзара іс-қимылымыз өте тығыз және күнделікті түрде жүргізіледі. Кәсіпкерлікті одан әрі дамыту мәселесі – біз үшін басым міндеттердің бірі. Біз бұл жұмысты бірлесіп жүргізуге дайынбыз», деді Ә.Смайылов.

Оның айтуынша, мемлекет экономиканың түрлі секторында бизнес өкілдерін толғандыратын мәселелерге ерекше көңіл бөледі. Мәселен, Отандық кәсіпкерлер кеңесі шеңберінде де нақты жұмыс жүргізіліп жатыр, отырыстарда орта мерзімді кезеңге арналған жаңа экономикалық саясат, көлік, энергетика салалары мен агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мәселелері талқыланды.

«Проблемаларды шешудің жақсы мысалдары бар, бірақ мемлекеттік органдар тарапынан әзірленген шешімдерді іске асыруды кешіктіру фактілері де жоқ емес. Бұл мәселелер

менің жеке бақылауымда болады», деді Ә.Смайылов.

Үкімет басшысы Ұлттық палатаның нормативтік құқықтық актілерге жүргізілетін сараптаманы күшейту жөніндегі ұсынысын қолдады. Атап айтқанда, әзірлеуші мемлекеттік органды бизнес мүдделерін қозғайтын НҚА жобасының соңғы нұсқасын ҰҚП-ға қайта жіберуге, ал консенсус болмаған жағдайда – тұжырымдамалық мәселелер бойынша қарау және позицияны дайындау үшін Премьер-Министр деңгейіне шығарылатын келіспеушіліктер хаттамасын жасауға міндеттейтін нормаларды енгізу бастамасы көтеріледі.

Сондай-ақ мемлекеттік жоспарлау жүйесінде құжаттарды әзірлеуде ҰҚП ролін күшейту көзделген. Сонымен қатар Ә.Смайылов мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруды бақылауды жақсарту тетігін әзірлеу жөніндегі бастаманы қолдады.

«Осы жұмыс шеңберінде Үкімет деңгейінде бекітілетін әрбір сала үшін маңызды нысаналы индикаторлар

– КРІ қалыптастырылатын болады. Осы көрсеткіштерге қол жеткізуді бірге бақылайтын боламыз», деді Премьер-Министр.

Бұдан басқа, Ә.Смайылов өңірлер деңгейінде халықтың басым бөлігі еңбек ететін шағын бизнеске бағытталған осындай тәсілдерді енгізуді мақұлдады.

«Біз өңірлік даму бағдарламалары шеңберінде кәсібін жаңадан бастағандар мен шағын кәсіпкерлікті қолдауға ерекше назар аударатын боламыз», деді ол.

Өз кезегінде Р.Баталов Үкімет деңгейінде жұмыс істейтін диалог алаңдарының тиімділігін жоғары бағалады.

«Біз экономиканың әр секторындағы өзекті әрі шұғыл мәселелерді көтеріп келеміз. Біз үшін бұл өте маңызды, бұл бизнес қауымдастығын топтасуға ынтылдандырады. Бүгінгі таңда өзара күш біріктіре отырып, талай мәселелердің бизнестің мүддесіне сай шешімін табуына ықпал еттік, оның мысалдары көп», деді ол.

Торалқа басшысы ұлттық палатаны трансформациялау басталғанын, оның бюджеттік бағдарламаларға және оған тән емес функцияларға тәуелділігі қысқартылып жатқанын, бизнес қоғамдастықтың жаңа Салық кодексын және бірқатар стратегиялық мемлекеттік бағдарламаны әзірлеуге

қосқан үлесін, сондай-ақ өңірлерде шағын және орта бизнесті дамыту бойынша жаңа тәсілдерді іске асыру туралы хабарлар етті.

Премьер-Министр Үкіметтің ұлттық палатамен бірлесіп, реттеуші актілер мен бизнеске қойылатын талаптарды талдау бойынша ауқымды жұмыс жүргізіп жатқанын еске алды. Бүгінгі таңда 44 саланың 18-інде талдау аяқталды, 1 101 нормативтік-құқықтық акті қаралды, жаңа реттеуші саясаттың базалық шарттарына сәйкес келмейтін 6 101 (11%) талап анықталды. Мемлекеттік органдар НҚА-ға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша жұмысты бастап кетті.

Оның айтуынша, мемлекеттік бақылауда тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін автоматтандыру бойынша жұмыстар жалғасуда, нәтижесінде заңға бағынатын кәсіпкерлерге әкімшілік қысым айтарлықтай төмендейді.

Қорытындылай келе, Премьер-Министр барлық айтылған өзгерісті іске асыруда бизнестің жетекші рөл атқаратынын атап өтті. Осыған орай Үкімет кәсіпкерлік қоғамдастықпен бірлесіп, ел экономикасын дамыту және азаматтардың әл-ауқатын арттыру үшін барлық қажетті жағдай жасауды одан әрі жалғастырады.

Жылыту маусымын өткізу жайы қаралды

Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр селекторлық режимде 2022-2023 жылғы жылыту маусымын өткізу мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Энергетика вице-министрі Жандос Нұрмағамбетов, Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Еркебұлан Дауылбаев, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Шығыс Қазақстан және Түркістан облыстары әкімдерінің орынбасарлары жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады.

Жылыту маусымы барлық өңірде басталып, тұрақты өтіп жатыр. Еліміздің электр стансаларында 5 энергоблок, 42 қазандық және 31 турбина жөнделді, 4,3 млн тонна көмір және 88 мың тонна мазут бар, бұл нормативтерге сәйкес келеді. Әлеуметтік инфрақұрылым нысандары мен тұрғын үйлер қыс мезгіліне дайын. Автономды қазандықтарда қажетті отын қоры жиналды.

Кеңесті қорытындылай келе, Р.Скляр әкімдіктерге жеткізілген отынға коммуналдық қызметтер мен энергия көздері үшін дебиторлық берешекті төмендету бойынша жұмыс жүргізуді тапсырды.

Сондай-ақ Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі «КТЖ» ҰҚА АҚ-мен бірлесіп, оңтүстік өңірлердегі энергия көздеріне отынды тұрақты жеткізуді қамтамасыз етуі қажет.

Адам саудасына қарсы қадам

Биыл елімізде алғашқы 4 айда адам саудасының 30-ға жуық фактісі тіркеліп, 3 қылмыстық топ анықталған. Шалғайдағы фермерлік қожалықтарда өз ықтиярынсыз жұмысқа жетілген жандар аз емес. Қарақөз қыздарымыз «женгетайлардың» жетегінде кетіп, бала сату деректері дендеп барады.

Оралхан АХМАДИЯ,
«Egemen Qazaqstan»

Бұл мәселе елордада өткен Қазақстандағы адам саудасына күрес туралы құқықтық форумда жан-жақты талқыланды. Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметіне сәйкес, әлемдегі адам саудасы құрбандарының 70 пайызы – әйелдер мен жас қыздар. Ал әрбір үшіншісі – балалар. Өкінішке қарай, бұл проблема Қазақстанды да айналып өткен жоқ.

Жыл сайын елімізде бұл қылмыстың саны 100-ден асады екен.

Ішкі істер министрі Марат Ахметжановтың мәліметінше, құзырлы орган ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасын қайта құрудың нәтижесінде, бұл бағыттағы қылмыстардың анықталу деңгейі өскен. «Бірақ мойындауымыз керек, бұл тек салдарымен ғана күрес», деді министр.

Естеріңізге салсақ, елімізде алғаш рет Адам саудасына қарсы күрес туралы

заң жобасы әзірленуде. Форумда жоба көпшілікке ұсынылып, бұл іске қатысы бар сала мамандары ой-пікірлерін ортаға салды. Ұсыныстарын жария етті. 2023 жылдың сәуір айында заң жобасы Мәжілістің талқылауына ұсынылмақ.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында адам саудасы проблемасының өзектілігін, мұндай қылмыстарды тергеу және кінәлілерді сот тәртібімен жазалау рәсімін жақсарту қажеттігін, сондай-ақ мемлекеттік органдардың іс-қимылын үйлестірудің маңыздылығын атап өтті. Осыны негізге ала отырып, бүгінде уәкілетті органдар дәйекті жұмыс жүргізуде. Ішкі істер министрлігі жүйелі негізде осындай факторларды анықтауға бағытталған республикалық

жедел алдын алу іс-шараларын жүргізіп жатыр.

Елімізде адам саудасының ең көп таралған түрі – әйелдерді жыныстық қанау, сондай-ақ притондар ұстау мен женгетайлық жасау. Ер адамдар, әдетте, еңбек нарығында жапа шегеді. Сонымен қатар жаңа туған нәрестелер мен жас балаларды асырап алу үшін сату фактілері анықталады. Елімізде 2016 жылдан бері адам саудасының құрбандарына атаулы әлеуметтік көмек көрсетіледі. Алайда бұл көмекті тек Қазақстан азаматтары, елімізде тұрғылықты тұрып жатқан шетелдік азаматтар мен қандастар ала алады. Ал түрлі себептермен Қазақстанға уақытша келген еңбек мигранттары адам саудасының құрбаны болғанда мұндай көмек ала алмайды. Халықаралық

сарапшылар бұл мәселені жиі тілге тиек етеді. Жалпы, осы бағыттағы заңнамалық құжаттардың болмауы Қазақстанның кейбір халықаралық рейтингтерде төменгі сатыға жайғасуына себеп болып отырғанын атап өткен жөн.

Президент жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның хатшысы Тастемір Әбішевтің айтуынша, Адам саудасына қарсы күрес туралы заң жобасында шетелдік мигранттардың еңбек қатынастарын реттеу мәселесі қарастырылған. Өзге де маңызды бағыттар қамтылған. Заң қолданысқа енгізілсе, адам құқығы туралы ережелер халықаралық стандарттарға сай болмақ. Адам саудасының алдын алу және аталған қылмысқа қарсы ымырасыз күресте әлемдік тәжірибенің маңызы зор.

Заңнаманы жетілдіру байыпталды

Парламент Сенатының депутаты Андрей Лукин Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Парламенттік Ассамблеясы Саяси мәселелер және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі тұрақты комиссиясы отырысына қатысты.

Андрей Лукин ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттерде сайлау процестері мен егемендікті қорғауды қамтамасыз ету саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелерін әріптестерімен талқылады.

Сенатор Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы аясында жасалған халықаралық шарттарды ратификациялау барысы туралы ақпаратты тыңдады.

Парламентшілер шара қорытындысы бойынша Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Парламенттік Ассамблеясының 2023 жылға арналған жұмыс жоспарының жобасын талқылады.

«Егемен-ақпарат»

310 мыңнан астам қызмет көрсетті

Жылдың басынан бастап Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы шамамен 276,4 мың мүгедектігі бар адам оңалтудың техникалық құралдарын (ОТҚ), 7,1 мың – ымдау тілі қызметін, 26,5 мың – жеке көмекшінің қызметін алды. Сондай-ақ портал арқылы кепілдік берілген әлеуметтік топтамаларға 87 мың тапсырыс рәсімделді.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі баспасөз қызметінің мәліметінше, портал мүгедектігі бар адамдарға оңалтудың техникалық құралдары мен қызметтерін өндіруші және жеткізушінің өз бетінше таңдауға мүмкіндік береді. Көмек түріне тапсырыс беру көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен растау арқылы жүзеге асырылады. Тапсырыс берілген оңалтудың техникалық құралдарын жеткізу немесе өз бетінше әкету арқылы алуға болады.

Мүгедектігі бар адамдарды оңалту құралдарымен қамтамасыз ету протездік-ортопедиялық, сурдотехникалық, тифлотехникалық және гигиеналық құралдар, сондай-ақ кресло-арбалар беруді қамтиды.

Бүгінде Порталда арнаулы

әлеуметтік қызметтер көрсететін 825 медициналық-әлеуметтік мекеме (бөлімшелер), 279 ОТҚ жеткізуші, 25 мыңнан астам жеке көмекші, 650 ымдау тілі қызметін, 92 санаторлық-курорттық емдеуді, 66 кепілдік берілген әлеуметтік топтаманы жеткізушілер тіркелген.

«Әлеуметтік қызметтер порталы» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін енгізу Мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі ұлттық жоспар шеңберінде қарастырылған.

Қолдауға арналған байланыс орталығына 1414 бірінші нөмірге телефон арқылы, тілді таңдау және 5 санын басу арқылы Порталды пайдалану бойынша кеңес алуға болады.

«Егемен-ақпарат»

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Рақымшылық жасау туралы

(Соңы. Басы 1-бетте)

- 114-бапта (Денсаулыққа абайсызда зиян келтіру);
- 115-бапта (Қорқыту);
- 119-бапта (Қауіпті жағдайда қалдыру);
- 131-бапта (Қорлау);
- 132-бапта (Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тарту);
- 149-бапта (Тұрғынжайға қолсұғылмаушылықты бұзу);
- 155-бапта (Бейбіт жиналысты ұйымдастыруға, өткізуге немесе оған қатысуға кедергі жасау);
- 157-бапта (Ереуілге қатысуға немесе ереуілге қатысудан бас тартуға мәжбүрлеу);
- 187-бапта (Ұсақ-түйек жымқыру);
- 188-бапта (Ұрлық);
- 191-бапта (Тонау);
- 196-бапта (Көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті иемдену немесе өткізу);
- 200-бапта (Автомобильді немесе өзге де көлік құралын жымқыру мақсатынсыз құқыққа сыйымсыз иеленіп алу);
- 202-бапта (Бөтеннің мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру);
- 204-бапта (Бөтеннің мүлкін абайсызда жою немесе бүлдіру);
- 207-бапта (Ақпараттық жүйенің немесе телекоммуникациялар желісінің жұмысын бұзу);
- 252-бапта (Жекеше күзет қызметтері қызметшілерінің өкілеттіктерін асыра пайдалану);
- 269-1-бапта (Күзетілетін объектіге заңсыз кіру);
- 272-баптың (Жаппай тәртіпсіздік) бірінші бөлігінде, егер бұл іс-әрекетті кәмелетке толмаған адам жасаса;
- 272-баптың (Жаппай тәртіпсіздік) екінші және үшінші бөліктерінде;
- 273-бапта (Терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлау);
- 274-бапта (Көрінеу жалған ақпарат тарату);
- 287-бапта (Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылыс құрылғыларын заңсыз иемдену, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру);
- 288-бапта (Қаруды заңсыз жасау);
- 291-бапта (Қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттар мен жарылыс құрылғыларын жымқыру немесе қорқытып алу);
- 293-бапта (Бұзақылық);
- 294-бапта (Тағылық);
- 345-бапта (Көлік құралдарын басқаратын адамдардың жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзу);
- 350-бапта (Көлік құралдарын немесе

қатынас жолдарын қасақана жарамсыздыққа келтіру);

- 371-бапта (Салғырттық);
- 378-бапта (Билік өкілін қорлау);
- 379-бапта (Билік өкіліне бағынбау);
- 380-бапта (Билік өкіліне қатысты күш қолдану);
- 381-бапта (Прокурордың қызметіне кедергі жасау және оның заңды талаптарын орындамау);
- 384-бапта (Құжаттарды заңсыз алып қою, құжаттарды, мортабандарды, мөрлерді жымқыру, жою, бүлдіру немесе жасыру);
- 389-бапта (Өзіңше билік ету);
- 400-бапта (Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібін бұзу);
- 401-бапта (Соғыс уақытында немесе төтенше жағдай кезінде тыйым салынған ереуілге басшылық ету, ұйымның жұмысына кедергі жасау);
- 402-бапта (Сот заңсыз деп таныған ереуілге қатысуды жалғастыруға арандататын әрекеттер);
- 414-бапта (Көрінеу заңсыз ұстап алу, күзетпен қамауға алу немесе күзетпен ұстау);
- 415-бапта (Айғақтар беруге мәжбүрлеу);
- 432-бапта (Қылмысты жасырып қалу);
- 433-бапта (Қылмыстық құқық бұзушылықты жасыру);
- 434-бапта (Қылмыс туралы хабарламау);
- 441-бапта (Бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету);
- 453-бапта (Қызметке салғырт қарау) көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасаған адамдарға қолданылады.

2-бап. Рақымшылық жасау қолданылмайтын адамдар

Осы Заңның күші:

- 1) террористік қылмыстар жасаған;
 - 2) экстремистік қылмыстар жасаған;
 - 3) азаптаулар жасаған;
 - 4) кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстар жасаған адамдарға, мұндай қылмысты кәмелетке толмаған адам он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмаған адамға қатысты жасаған жағдайды қоспағанда;
 - 5) мемлекетке опасыздық жасаған;
 - 6) сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасаған;
 - 7) жаппай тәртіпсіздіктер ұйымдастыруды жасаған адамдарға, мұндай қылмысты кәмелетке толмаған адам жасаған жағдайды қоспағанда;
 - 8) жаза қылмыстардың қайталануы немесе қылмыстардың қауіпті қайталануы кезінде тағайындалған адамдарға қолданылмайды.
- 3-бап. Рақымшылық жасауды қолдану шарттары, тәртібі және осы Заңды іске асыру жөніндегі шаралар

1. Рақымшылық жасауға жататын адамдарға қатысты іс жүргізуде жатқан қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес, ауырлығы орташа қылмыстар туралы қылмыстық істер қылмыстық процесі жүргізілген органның осы Заңның 1-бабында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтар бөлігінде аталған адамдарды қылмыстық жауаптылықтан босата отырып, тоқтатуына жатады.

2. Рақымшылық жасауға жататын сотталғандар осы Заңның 1-бабында көрсетілген қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес, ауырлығы орташа қылмыстар жасағаны үшін жазадан (негізгі және қосымша) немесе оны одан әрі өтеуден босатылады.

3. Рақымшылық жасауға жататын адамдарға осы Заңның 1-бабында көрсетілген ауыр қылмыстар жасағаны үшін сот тағайындаған негізгі жазасы – төрттен үшке, аса ауыр қылмыстар бойынша жартысына қысқартылады. Бұл ретте, егер сотталған адамның осы Заң қолданысқа енгізілген күнге жазасын өтеуіне бір жылдан аспайтын уақыт қалса, негізгі жазасы оның бүкіл өтелмеген мерзіміне қысқартылады.

4. Осы Заңның 1-бабында көрсетілген онша ауыр емес, ауырлығы орташа қылмыстар үшін жазасын өтеген немесе оны одан әрі өтеуден босатылған рақымшылық жасауға жататын адамдардан сотталғандығы алынады.

5. Қылмыстық процесі жүргізілген органдар, сондай-ақ жазаны орындайтын мекемелер мен органдар осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оның орындауын қамтамасыз ету шараларын қабылдайды.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың жергілікті атқарушы органдары мекемелерден босатылған еңбекке жарамды адамдарды жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету, оларға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік және өзге де көмек көрсету, сондай-ақ рақымшылық жасау бойынша жазадан босатылған белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды өмірлік қиын жағдайда қалған адамдарды әлеуметке қосуға арналған орталықтарға орналастыру жөнінде шаралар қабылдайды.

4-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті

Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2022 жылғы 2 қараша

№ 152-VII ҚРЗ